

Әкімдіктің 2009 жылғы 25 қарашадағы № 1315 "2010 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 27 шілдедегі № 733 қаулысы. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 қыркүйекте № 9-2-165 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5) тармақшасы, 20-бабының 5-тармағының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысының негізінде Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің "2010 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2009 жылғы 25 қарашадағы № 1315 (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 9-2-148, 2009 жылғы 25 желтоқсанда "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:
көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары А.А.Ишмұхамбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми алғаш жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

Н. Денинг

Әкімдіктің

2010

жылғы

27

шілдедегі

№ 733 қаулысына қосымша

Ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың, толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу мөлшері

№	Кәсіпорындардың атауы	Жұмыстардың түрлері	Жұмыстардың көлемдері	Жалақы төлеу
14	"Рудный қаласы әкімінің	Әртүрлі құжаттарды	85 адамкүн	

апараты" мемлекеттік мекемесі (мемлекеттік орган)	өндеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде күнделікті көмек көрсету	Ең жалақының 1,5 мөлшері	а з
---	---	--------------------------------	-----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ